



5 жас мектепалды топ

**Біртұтас тәрбие
бағдарламасы бойынша
ойындар картотекасы
Жиынтығы 50 ойын**





5 жас мектепалды топ

1. «Ұлттық бұрышқа саяхат»

Міндеті: Халық шығармаларының желісі бойынша түрлі-тәсілдерден (ермексаздан, қамырдан) тұрмыстық заттарды мүсіндеу. Жасаған мүсіндерден ерекшелігін айтқызу және ұлттық бұрышта көрме жасау.

Ойын барысы: Балалар ұлттық бұрыштағы орналасқан ұлттық бұйымдарды ермексаздан үлгіге қарап отырып мүсіндейді. Ермексаз бен тұзды қамырмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады.





5 жас мектепалды топ

2. «Қағаздан моншақ құрастыру»

Міндеті: түрлі-түсті біркелкі дөңгелектер жасап, жіпке тізіп моншақ құрастыру. Желіммен,

қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.

•**Ойын барысы:** балалар қағаз сақиналарды пайдаланып, түстер үйлесімділігін сақтай отырып, ерекше моншақтар жасайды. Балалардан моншаққа атау беру немесе оны бір оқиғаға арнау сұралады (мысалы, "Күн шуақты моншақ", "Достық гүлдері").





5 жас мектепалды топ

3. «Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері: Тұсаукесер рәсімі»

Міндеті: Салт- дәстүрлерге қатысты тақырыпта сурет бойынша әңгімелесу. Тұсаукесер рәсімімен таныстыру, тұсау кесуге арналған ала жіпті өріп жасау.

•Ойын барысы: Балаларға қазақтың тұсаукесер дәстүрі туралы қысқаша әңгіме: Бұл рәсім баланың алғашқы қадамдарына байланысты орындалады. Ала жіп арқылы әділдік, тазалық және адалдық символы беріледі.

Рәсімде балаға тілек айтылады және болашағына бағыт сілтенеді.Таныстырылым үшін қысқа бейнематериал немесе сурет көрсету. «Тұсау кесуші» ала жіпті кеседі.





5 жас мектепалды топ

4. «Ұлттық киімдер»

Міндеті: Суреттерге қарап ұлттық киімдердің атауларын және түстерін атауға үйрету. Суреттерді салыстырып, топтастыруға баулу.

Ойын барысы: Ұлттық киімдерді сәйкестендіру:

1. Ұлттық киімдердің бөліктерін ажыратып, дұрыс жинастыру ойынын ұйымдастыру:

1. Балаларға киімдердің жеке бөліктері беріледі (мысалы, шапан, тақия, камзол, белдік).
2. Олар дұрыс сәйкестендіріп, толық киім үлгісін жасайды.





5 жас мектепалды топ

5. «Сырмақ»

Міндеті: Қазақтың сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын атауға үйрету. Ұлттық ою-өрнек элементтерін пайдаланып, сырмақтың үстіне оюды жиектеп бастырып бояту.

Ойын барысы: Оюларды сырмаққа орналастыру:

1. Балалар қиылған оюларды сырмақтың үлгісіне (қағазға немесе матаға) орналастырады.
2. Әр бала оюларды түрлі-түсті үйлесіммен реттейді, тәрбиеші олардың дұрыс орналастыруына көмектеседі.





5 жас мектепалды топ

6. «Торсық»

Міндеті: Қазақтың ұлттық ыдысы торсықты көрсету, пайдасын айтып беру. Үлгіге қарап ермексаздан түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндеуі және кескішті пайдаланып, ою-өрнекпен әшекейлеуді үйрету.

Ойын барысы: Ою-өрнекпен безендіру:

1. Тәрбиеші балаларға ою-өрнектердің үлгілерін көрсетеді.
2. Балалар кескіш құралдарды пайдаланып, торсықтың бетіне ұлттық өрнектерді салады (қошқармүйіз, гүл, геометриялық пішіндер).
3. Ермексаздан кішкентай бөліктерді қиып алып, торсықтың бетіне жапсырып, қосымша сән береді.





5 жас мектепалды топ

7. «Әжемнің өрнектері»

Міндеті: Оюларды трафареттерді басу арқылы салуға дағдыландыру. Негізгі түстерді ажыратып, қолдану. Өзге балалардың жұмысын бағалату, көрме жасау.

Ойын барысы: Ою-өрнектерді таңдау: Балаларға дайын трафареттер ұсынылады. Әр бала өзіне ұнаған оюды таңдап алады. Тәрбиеші балалардың оюларды дұрыс таңдауына және оларды қалай бастыру керектігін көрсетеді.

Трафаретпен жұмыс: Балалар трафаретті қағаздың немесе матаның бетіне орналастырады. Қылқалам немесе губка арқылы трафареттің ішіне бояуды мұқият жағады. Балаларға бояуды үйлесімді қолдану ұсынылады (мысалы, бір өрнекке екі немесе үш түсті қолдану).





5 жас мектепалды топ

8. «Сәукеле»

- Міндеті:** Балаларды қазақтың ұлттық бас киімі – сәукелемен таныстыру.
- Түрлі-түсті қағаздардан сәукеле жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Қайшыны дұрыс пайдалану ережелерін үйрету және ұсақ моторикасын дамыту

1.Ойын барысы: Балаларға сәукеленің негізгі формасын жасау үшін түрлі-түсті қағаз беріледі.

2.Балалар қағаздан үшбұрыш немесе конус пішінін қиып алады (сәукеленің негізі). **Сәукелені әшекейлеу:**

3.Балалар сәукеленің бетіне желім арқылы өрнек элементтерін жапсырады. Гүлдер, жұлдыздар немесе қошқармүйіз тәрізді элементтер. Әр бала сәукелені өз қалауынша сәндейді. Желім арқылы сәукеленің жоғарғы бөлігіне таспа немесе моншақтарды бекітуге болады.





5 жас мектепалды топ

9. «Күй күмбірі»

Міндеті: Күйді тындау арқылы күйдің қандай көңіл күйде айтылып тұрғанын ажырату. Қазақтың ұлттық фольклорымен таныстыру, күй ырғақтарын ажыратуға баулу

•**Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып немесе орындарына жайғасып, күй тындайды.

•Тәрбиеші күйдің қандай көңіл күйді бейнелейтінін сұрайды (көңілді, мұңды, сергек, табиғатты суреттейтін т.б.).





5 жас мектепалды топ

10. «Ұлттық аспаптар»

Міндеті: Әуенді тыңдау арқылы қазақтың ұлттық аспаптарының үнін ажырату. Әр музыкалық аспапқа сипаттама жасату.

Ойын барысы: қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын тыңдап, олардың үнін ажыратады. Домбыра, кобыз, сыбызғы сияқты аспаптар мұғалімнің жетекшілігімен суреттері көрсетіліп, әрқайсысының ерекшеліктері түсіндіріледі.





5 жас мектепалды топ

11. «Домбыра»

Міндеті: Қағазды көлемді пішіндерге келтіру арқылы қазақтың ұлттық аспабы домбыраны құрастыру. .Бастаған ісін аяғына дейін жасап,не құрастырғанын түсіндіру.

1.Ойын барысы: Балалар шанақ пен мойынды біріктіреді, желіммен бекітеді. Қағаздан кішкентай жіптер немесе жолақтар қиып алып, домбыраның ішектерін жасайды. Балалар дайын домбыраны ұлттық өрнектермен безендіреді.





5 жас мектепалды топ

12. «Бұл қандай аспап екенін тап»

Міндеті: Берілген суреттерге қарап ұлттық аспаптарды атауға үйрету. Әуендер арқылы үнін ажыратып ерекшеліктерін атау. Ұлттық аспаптың кейбір түрінде ойнату, шағын оркестр ұйымдастыру.

Ойын барысы: тәрбиеші балаларға ұлттық аспаптардың дауысын тыңдатады, дауыс бойынша балалар қандай аспап екенін табады.





5 жас мектепалды топ

13. «Атама арналған тымақ»

Міндеті: тымақ бас киімін таныстыру, тымақ бас киімі туралы ақпарат беру, бейнематериал көрсету.

Ойын барысы: Дәстүрден тыс сурет салудың техникасын атауға үйрету. Берілген кескінді бастыру арқылы тымақты салып, тұзды бетіне жапсырып, өзіне ұнаған түспен сәйкестендіріп бояту. Тымаққа қазақы оюдың кейбір элементтерін салдыру.






5 жас мектепалды топ

14. «Қандай салт-дәстүрді білесің?»

Міндеті: Суреттерге қарап қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерін айтқызу, соның ішінде бесікке салу дәстүрін түсіндіру. Балалар бесік жабдықтарының дұрыс атауларын айтуға баулу.

Ойын барысы: бесік және бесік жабдықтарын көрсету арқылы салт-дәстүрді орындайды. Бала қуыршақты бесікке салып, бесікке салу рәсімдерін көрсетеді.





5 жас мектепалды топ

15. «Қиялымдағы саз аспабы»

Міндеті: қазақ халқының ұлттық саз аспаптарымен таныстыру. Саз аспаптарының дауысын есту арқылы суретін салдыру.

Ойын барысы: Ұлттық аспаптарды көріп, өздерінің қиялына ерік беріп, ұнаған аспапты қағаз бетіне суретін салғызу. Аспапты негізгі түстермен бояту. Түстерді ажыратуға және салғанын түсіндіріп бере алуға дағдыландыру.





5 жас мектепалды топ

16. «Ертегілер елінде»

Міндеті: Ертегідегі кейіпкерлерге сипаттама жасату, жақсы мен жаманды ажыратуға баулу.

Ойын барысы: балалар жақсылық пен жамандық туралы ертегі тындайды. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне талқылау жүргізеді. Жақсы мен жаман кейіпкерлерді ажыратады.





5 жас мектепалды топ

17. «Әңгіме құраймыз»

Міндеті: Суреттегі салт- дәстүрге қатысты берілген суреттер бойынша атауларын атап шағын әңгіме құрату.

Салт-дәстүрлер қай кезде және қалай қолданылатынын түсіндіру.

Ойын барысы: берілген салт-дәстүр туралы суреттерге қарап әңгіме құрайды. Мысалы, бұл суретте әже баланы бесікке салуда, ер баланың тұсауын кесуде, т.б.





5 жас мектепалды топ

18. «Әже әлдиі»

Міндеті: әлди жырымен таныстыру, әлди естіп ұйықтаған баланың болашақта мейірімді де, батыл бала болып өсетінін ұғындыру.

Ойын барысы: Балалар әжелерінің айтқан бесік жырларын естерінде сақтап,үзінді айтқызу. Әжесі оқыған ертегілердің ішінен өздеріне ұнайтынан айтқызып және кейіпкерлерін атату. Жағымды және жағымсыз қасиеттерін түсіндіру.





5 жас мектепалды топ

19. «Алжапқышты әшекейлеу»

•**Міндеті:** Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін қолдану арқылы балаларды ұлттық құндылықтармен таныстыру.

•**Әшекейлеу барысында** ұлттық нақыштарды қолдануға баулу.

Ойын барысы: Алжапқыштың суретін салу. Қазақ оюларының кейбір элементтерін пайдалану. Эстетикалық талғамын қалыптастыру, түстерді дұрыс қолдануға дағдыландыру





5 жас мектепалды топ

20. «Сикырлы саусақтар»

Міндеті: киіз үймен таныстыру, киіз үйдің бөліктерінің атауын қайталату, суреттерін саусақ арқылы салдыру.

Ойын барысы: Саусақтары арқылы қазақтың киіз үйін салу, саусақтарының ұшымен кепкен қазақ үйге өрнектер салып безендіру. Дәстүрден тыс сурет салу техникасын қолдануға қауіпсіздік ережелерін сақтау.






5 жас мектепалды топ

21. «Ұлттық киімдердің күнделікті киімнен айырмашылығы»

Міндеті: Қақтың ұлттық киімдерімен таныстыру. Ұлттық киім түрлерінің өзара ұқсастықтары мен ерешелігі және күнделікті киетін киімдерден айырмашылығын ажырату.

Ойын барысы: ұлттық және заманауи киім стильдерінің суретті арқылы салыстыру. Суреттер арқылы талқылау жүргізу, киім матасына назар аударту.





5 жас мектепалды топ

22. «Ұлттық бас киімдер»

Міндеті: Қазақтың ұлттық бас киімдерін көрсету. Өзіне ұнаған бас киімнің бейнесін салдыру. Бас киімге ұлттық ою элементтерін қолдандыру. Эстетикалық талғамын дамыту.

Ойын барысы: суреттер арқылы ұлттық бас киімдерді көрсету, әр бас киімге талдау жасау, ер балаларға және қыздарға арналған бас киімдерді ажырату.





5 жас мектепалды топ

23. «Өрнекті кілемше»

Міндеті: Өрнекті кілемшені қазақтың ою – өрнек элементтерімен әшекейлеу. Ою – өрнектер туралы түсініктерін қалыптастыру.

Ойын барысы: Кілемшені «қой ізі» және «прексу» өрнегімен әшекейлеуді үйрету. Бояуды дұрыс пайдалануға дағдыландыру.






5 жас мектепалды топ

24. «Асықтар әлемі»

Міндеті: Асықтың қалыптарымен таныстыру. Баланы ептілікке, шапшаңдыққа, дәлдікке тәрбиелеу. Танымдық ой - өрісін кеңейту

Ойын барысы: асық ату және ханталапай ойындарын ойнату. Асықтың қалыптарын балаларға жаттату.





5 жас мектепалды топ

25. «Бес асық» ойыны

Міндеті: асық ойындарымен таныстыруды жалғастыру. Бес асық ойынымен таныстыру, лақтыру арқылы асықтарды жинату.

Ойын барысы: Түсі бірдей бес асықты тігінен немесе көлденеңінен бір жерге жинау. Көбірек бір түсті асық жинап, тақта үстін асықтан босатып, көбірек ұпай алу.





5 жас мектепалды топ

26. «Қазақтың ұлттық ойындары»

Міндеті: Қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныстыру, ойын ережелерін түсіндіру. Өз отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Ойын барысы: әр түрлі ұлттық ойындарын сурет арқылы көрсету, балалармен қазақша күрес, аударыспак, арқан тарту ойындарын ойнату.





5 жас мектепалды топ

27. «Әжемнің кесесі»

Міндеті: Кесемен таныстыру. Кесенің не үшін қажеттігін көрсету, ыдыстың маңыздылығын түсіндіру.

Ойын барысы: Ермексазды пайдалану арқылы кесені мүсіндеп, қазақ оюының элементтерін қолдану арқылы әшекейлету. Кесенің не үшін қолданатынын түсіндіру.





5 жас мектепалды топ

28. «Қазақтың ағаш үйі»

Міндеті: қазақтың ағаш үйімен таныстыру. Ағаш үйде не үшін орналасқанын түсіндіру.

Ойын барысы: Үлгіге қарап трафераттар арқылы ағаш үйдің суретін салу. Салған суреттеріне ашық түстерді қолдану. Ағаш үйге қазақтың ұлттық оюының элементтерін жасату.





5 жас мектепалды топ

29. «Қазақтың батырлары»

Міндеті: батыр және батырлық ұғымдарымен таныстыру. Қазақ халқының батыр халық екенін көрсету.

Ойын барысы: Қазақ батырларының бейнесін көрсету, таныстыру. Батырлардың суретіне қарап шағын әңгіме құрастыру.





5 жас мектепалды топ

30. «Құрақ көрпе»

Міндеті: Ұлттық тұтынатын бұйымдармен таныстыру. Құрақ көрпенің бетінде оюлармен таныстыру, құрақ түрлерін көрсету.

Ойын барысы: Түрлі-түсті қағаздардан қиылған пішіндер арқылы құрақ көрпе құрастыру. Түстерді сәйкестендіру. Ашық түстерді қолдануға дағдыландыру.





5 жас мектепалды топ

31. «Би өнері»

Міндеті: Қазақ халқының ұлттық әуендерімен таныстыру. Әуеннің атын танытып және сәйкес би қимылдарын қайталату. Ұлттық би түрлерімен таныстыру

Ойын барысы: Ұлттық музыканы қосып, қазақтың ұлттық би қимылдарын көрсету. Мысалы, қара жорға, қамажай би қимылдарын қайталату.





5 жас мектепалды топ

32. «Ұлттық тағамдар»

Міндеті: Қазақтың ұлттық тағамдарын таныстыру және атауларын үйрету. Сүт өнімдерімен таныстыру.

Ойын барысы: Ермексаздан құртты дөңгелек пішінге келтіріп мүсіндету. Ермексазды уқалау тәсілін қолданып жұмсартып дөңгелету, ақ түсті ермексаз қолдануды үйрету





5 жас мектепалды топ

33. «Әжемнің бауырсағы»

Міндеті: қазақтың ұлттық тағамы бауырсақ туралы балаларға түсінік беру. Бауырсақтың пішіні, дәмі, дайындау әдістері туралы әңгімелесу.

•**Ойын барысы:** Балалар ермексаздан немесе қамырдан бауырсақтың пішінін жасайды.

•Әр бала өз бауырсақтарын дөңгелек немесе өзге пішінге келтіреді






5 жас мектепалды топ

34. «Біздің оркестр»

Міндеті: Қазақ халқының ұлттық аспаптарының атауын қайталату. Олардың ерекшеліктері мен дыбыстарын ажырату. Аспата ойнауға қызығушылықтарын арттыру.

Ойын барысы: Музыкалық аспаптарды алып, шағын оркестр ұйымдастыру.





5 жас мектепалды топ

35. «Бесік жыры»

Міндеті: Қазақ халқының ұлттық аспаптарының атауын қайталату. Олардың ерекшеліктері мен дыбыстарын ажырату. Аспата ойнауға қызығушылықтарын арттыру.

Ойын барысы: Бесік жырын балалармен айту, бесікке қуыршақты салып бесік жырын әр балаға қайталату.





5 жас мектепалды топ

36. «Қамшы өру» ойыны

Міндеті: Ұл балаларға қамшыны таныстыру. Ер баланы қамшы өре білу керек екенін түсіндіру

Ойын барысы: қамшы өру ойыны арқылы балаларға өру дағдыларын қалыптастыру, әр балаға жеке жұмыс жасауы үшін жағдай жасау арқылы қамшы өргізу маңызды





5 жас мектепалды топ

37. «Шаш өру» ойыны

Міндеті: Қыз балаларға бұрымды таныстыру. Қыз баланың шашын өріп, бұрым жасауы және бұрымның соңына шашбау тағылатыны туралы түсінік беру.

Ойын барысы: шаш өру ойыны арқылы қыз балаларға өру дағдыларын қалыптастыру, әр балаға жеке жұмыс жасауы үшін жағдай жасау. Қыздар бір-бірінің шашын өріп, шашбау тағады.





5 жас мектепалды топ

38. «Бестемше» ойыны

Міндеті: Қазақ халқының ұлттық ойыны бестемшемен таныстыру.

Ойын барысы: балалар қазандықтағы құмалақтарды санайды, жүрістерін жасауды үйренеді





5 жас мектепалды топ

39. «Тоғызқұмалақ» ойыны

Міндеті: Қазақ халқының ұлттық ойыны бестемшемен таныстыру.

Ойын барысы: балалар қазандықтағы құмалақтарды санайды, жүрістерін жасауды үйренеді. Тоғызқұмалақ ойынындағы ұядағы құмалақтарды санайды.





5 жас мектепалды топ

40. «Төл теңге»

Міндеті: балаларға қаржылық сауат туралы білім беру.
Теңге түрлерімен таныстыру

Ойын барысы: Дүкен, сатушы, тұтынушы, теңге ұғымдарын таныстыру арқылы сюжеттік ойындар ойнату.





5 жас мектепалды топ

41. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»

Міндеті: балаларға суды тұтыну мәдениетін үйрету. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру

Ойын барысы: балалармен әңгіме жүргізіледі, су, тамақ, энергияны қалай үнемдеуге болады деп балаларға мәселелік сұрақтар қойылады. Сюжеттік ойындар ойнатылады. Диалогтар орнатылады.





5 жас мектепалды топ

42. «Күй күмбірі»

Міндеті: балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру

Ойын барысы: қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту.





5 жас мектепалды топ

43. «Қауіпсіздік ережелері»

Міндеті: жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету

Ойын барысы: Балалармен сюжеттік ойындар арқылы ұғындыру, жол-көлік сақшысы, жүргізуші, жолаушы, автобус жүргізушісі, т.б. кейіпкерлер арқылы сомдау





5 жас мектепалды топ

44. «Мемлекеттік мерекелер»

Міндеті: балалардың мемлекеттік мерекелер туралы білімін кеңейту. Мерекелердің мәні мен маңызын түсіндіру

Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға суреттер мен карточкаларды таратады, онда әр түрлі мемлекеттік мерекелердің суреттері бейнеленген (Тәуелсіздік күні, Наурыз мейрамы, Конституция күні және т.б.). Балалар суреттерді қарап, мерекенің атын атауы қажет. Әр мерекенің мәнін тәрбиеші түсіндіреді.





5 жас мектепалды топ

45. «Кітап – менің қазынам»

Міндеті: Балаларға кітаптың құндылығын түсіндіру, оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітап арқылы білімнің шексіз екендігін ұғындыру, өз ойын жеткізе білу қабілетін дамыту.

Ойын барысы: Балалар өздеріне ұнайтын кітаптарын алып шығып, оның атауын, мазмұнын немесе суретін сипаттайды. Әр бала кітаптың неге ұнағанын айтып береді. Балаларға танымал ертегі кейіпкерлерінің суреттері немесе сипаттамалары беріледі.





5 жас мектепалды топ

46. «Ақшаны жұмсауды үйренеміз»

Міндеті: Балаларды қаржылық сауаттылыққа үйрету, ақшаны үнемді және тиімді пайдалануды түсіндіру. Сатып алу, үнемдеу, және ақша жинаудың маңыздылығын үйрету.

•Ойын барысы: Балаларға ойыншық ақшалар таратылады. Әр балаға белгілі бір сома беріледі.

Ойыншық дүкен сөрелеріне әртүрлі тауарлар қойылады және оларға бағалар жазылады. Балалар сатушы және сатып алушы рөлдерін ойнайды. Бір бала сатушы болса, қалғандары сатып алушылар болады.





5 жас мектепалды топ

47. «Қауіпсіздік ережелері»

Міндеті: Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.

Ойын барысы: Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау.

«Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру





5 жас мектепалды топ

48. «Жас метеоролог» экологиялық ойын

Міндеті: Балаларға ауа райын бақылауды, табиғи құбылыстарды түсінуді, экология туралы білімдерін арттыруды үйрету. Ойын арқылы олардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырып, табиғатты аялауға баулу.

•**Ойын барысы:** Балалар «метеоролог» болып, өз құбылысын сипаттап айтады: Жел соғып тұрса, «Жел екпіні қандай?», «Қай жақтан соғып тұр?» деп сипаттама береді. Күн шығып тұрса, «Күннің сәулесі қалай түсті?», «Температура қандай?» деген сұрақтарға жауап береді.





5 жас мектепалды топ

49. «Мен Отаныммен мақтанамын!»

•**Міндеті:** Балаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен таныстыру.

•**Рәміздерге құрмет көрсетуді үйрету**

Ойын барысы: Балаларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы, елтаңбасы және әнұранының суреттері таратылады. Тәрбиеші әр рәміздің атауын атайды. Балалар дұрыс рәмізді көтеріп көрсетулері керек.





5 жас мектепалды топ

50. «Менің құқықтарым, менің міндеттерім»

Міндеті: Балаларға олардың құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру.

Құқықтар мен міндеттердің маңыздылығын түсіндіру арқылы жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Ойын барысы: Балаларға адам құқықтары мен міндеттері туралы қысқаша түсіндіру.

Мысалы: «Әр бала білім алуға құқылы», «Біз үлкендерді құрметтеуге міндеттіміз», «Барлық балалар демалуға және ойнауға құқылы», т.б.

